

**ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЕСЕБІ**

Әлеуметтік педагогтың жылдық қорытынды есебі

Әлеуметтік педагогика- ортаның, қоғамның, тәрбиеге, әлеуметтенуге әсер ету факторын зерттейтін педагогиканың бір саласы. Әлеуметтік педагогиканың мақсаты- оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан-дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Енді, мектебіміздегі әлеуметтік педагогтың қызметтік функцияларына тоқталайық:

- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларының тізімін жасақтау;
- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету;
- Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;
- Үйде оқытуды қажет ететін оқушылардың тізімін анықтау және үйде оқыту жұмыс жоспарының орындалуын қадағалау;
- Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірлігі және облыстық білім басқармасымен «Мектепке барар жол» атты акциясын басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлермен бірігіп қамқорлық акциясын ұйымдастыру;
- Аудандық және президенттік «Жасыл шырша» мерекесіне қатысатын оқушыларды таңдау және жіберу;
- Мектептегі аз қамтылған отбасы балаларының жазғы маусымдағы І сауықтыру лагерлеріне қажетті құжаттарды жинау, балаларды жөнелту;
- Мектеп жанындағы лагерге жағдайы төмен отбасы балаларының тартылуын қадағалау;
- Бастауыш сынып оқушылары мен аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, асыраушысынан айырылған, анасының қамқорлығынсыз қалған және көп балалы отбасы балаларын «Жалпыға міндетті білім қорынан» бір реттік тегін ыстық тамақпен қамту;

2023-2024 оқу жылының тамыз айында аудандық білім бөлімінің хаты негізінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмектер көрсетілді. Қыркүйек айы негізінен ұйымдастыру айы болғандықтан, сынып жетекшілеріне арнайы үлгідегі «Сыныптың әлеуметтік құжаты», «Жаңадан келген оқушыны зерттеу» картасы таратылып беріліп, сол жұмыстардың нәтижесінде мектептің әлеуметтік куәлігі жасалды. Мектебімізде оқу жылының басында 465 оқушы, оның ішінде 183 оқушы көп балалы жанұядан шыққан оқушылар, 14 оқушы толық емес және сәтсіз отбасынан шыққан, 11 оқушы асыраушысынан айырылған немесе анасының қамқорлығынсыз қалған отбасынан шыққан, үйде оқытылатын мүгедек 6 оқушы, ал мектеп ішілік қиын тәрбиеленуші

ретінде тіркеуде тұрған оқушы жоқ. Мектептегі аз қамтылған отбасынан шыққан және көп балалы жанұядан шыққан оқушыларға мектеп тарпынан және бюджеттен көрсетілген барлық тегін көмектің түрлері беріледі. Бір уақыт берілетін тегін ыстық тамақ, киім және оқу құралдарымен және толықтай оқулықпен қамтамасыз етіледі.

Айлық жоспарға сай үйде оқытылатын оқушылардың ата-ауыде наларынан сауалнама алынды. Мектебімізде 2023-2024 оқу жылында үйде оқитын 6 оқушының ата-аналарынан сауалнама алынды. Сауалнама алу мақсаты: үйде оқытылатын оқушылардың ата-анасы мектептің оқыту бағдарламасы қанағаттандырады ма?

Сауалнама қорытындысы: Үйде оқытылатын оқушылардың ата-аналары мектептің оқу бағдарламасымен қанағаттанады, мұғалімдер өз уақытында сабаққа барады, оқулықпен мектеп толық қамтамасыз етті. Оқушылардың оқу бағдарламасын қабылдауы жақсы. Оқушылардың ерекше қабілеттері әр түрлі. Үйде оқытылатын оқушылардың сынып ұжымымен қарым-қатынасы жақсы.

2022-2023 оқу жылы қарсаңында мектебіміздегі АӘК алатын 23 оқушыға «Жалпыға бірдей міндетті білім қоры есебінен «Мектепке жол» акциясында 40567 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. Аталған қаржы ата-аналарының есеп шоттарына аударылды. Түскен ақшаның есебі мен дәлелді құжаттары жинақталып, көшірмелері АББ-на өткізілді.

Аудандық білім бөлімінің бұйрығы негізінде мектебімізде «Жалпыға міндетті білім қоры» айлығында тұрмысы төмен отбасы балаларына көмек көрсету мақсатында «Мектепке жол» акциясы «Балаларға бірге көмек берейік!» ұранмен болып өтті. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы бойынша мектебімізде арнайы бұйрық шығарылып, жоспар түзілді. Жоспарға сай арнайы жұмыстар ұйымдастырылды.

Акция мақсаты: күнкөрісі төмен, көп балалы және тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзгеде санаттарында әлеуметтік көмекпен қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу.



Жаңа жыл – әлемдегі қуанышқа толы ең гажайып мерекелердің бірі. Жаңа жыл сиқырлы, әрі қайталанбас таңғажайып мереке. Бәріміз келе жатқан жаңа жылдан жарқын ертегі, жаңа бақыт күтеміз. Жаңа жылда әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың көңіл күйін көтеру мақсатында демеушілер тарапынан түрлі қамқорлық акциялары ұйымдастырылады. Осы орайда жеке кәсіпкер Х.Абдураимовтың демеушілігімен денсаулығына байланысты үйде оқитын 6 оқушыға Жаңа жылдық сыйлықтар тарту еттік. Атап айтсақ 8«Б» сынып оқушысы Абдурахманов Махмад, 4«А» сынып оқушысы Кадиров Шоин, 3«Б» сынып оқушысы Джолчиев Сүндет, 3«Б» сынып оқушысы Абдуллаев Полат, 2«Ә» сынып оқушысы Заманбек Әсима, 1«Б» сынып оқушысы Аташев Азис.

Сонымен қатар Жаңа жылда әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың мерекелік көңіл күйін көтеру мақсатында мектеп мұғалімдерінің демеушілігімен асыраушысына айырылған немесе анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы тұрмыс жағдайы төмен, аз қамтамасыз етілген және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушыларға Жаңа жылдық сыйлықтар тарту еттік.



Жаңа жылда әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың көңіл күйін көтеру мақсатында демеушілер тарапынан түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Осы орайда аудан әкімі мен аудандық білім бөлімінің тарапынан ұйымдастырылған Жаңа жылдық шыршаға «Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ директорының 25.12.2023 жылғы №170 бұйрығымен анасының қамқорлығынсыз қалған 7сынып оқушысы Шерметова Диляра қатыстырылды.

Іс-шара барысында түрлі концерттік бағдарламалар көрсетілді, ойындар ойнатылып артынша фуршет стол жасалды. Сонымен бірге іс-шара соңында оқушыларға сыйлықтар таратылды. Оқушылар үйлеріне керемет көңіл-күйде қайтты.



Оқу жылы барысында денсаулығына байланысты үйде оқытылатын балалардың оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру бағдарламасының игерілуін және жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында мектептің материалдық базасы есебінен үйде оқитын 5 оқушыға жазу тақталары берілді. Тақтаның берілгендігі жөнінде АКТ түзілді және ата-аналар тақтаны қолма-қол алғандығы жөнінде құжаттамаға қол қойды. Атап айтсақ 8«Б» сынып оқушысы Абдурахманов Махмад, 4«А» сынып оқушысы Кадиров Шоин, 3«Б» сынып оқушысы Абдуллаев Полат, 2«Ә» сынып оқушысы Заманбек Әсима, 1«Б» сынып оқушысы Аташев Азис.



2023-2024 оқу жылының екінші жартыжылдығында «Мектепке жол» қамқорлық акциясы барысында мектеп мұғалімінің демеушілігімен көп балалы аз қамтылған отбасынан шыққан 2 «Ә» сынып оқушысы Заманбек Әсимаға спорттық киім және спорттық аяқ киіммен көмек көрсетілді және мектеп мұғалімінің демеушілігімен көп балалы аз қамтылған отбасынан шыққан 4 «А» сынып оқушысы Оразалиева Севинчке қыстық күреше мен қыстық етікпен көмек көрсетілді.



2023-2024 оқу жылының қазан айында 5-11 сынып оқушыларына өз құқықтарын түсіндіру мақсатында арасында «Мектептегі бала құқығы» тақырыбында түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Іс-шара барысында көптеген мәліметтер берілді және оқушылар кері байланыс беру арқылы жалпы түсініктерін айтып берді.



2023-2024 оқу жылының қараша айында балалардың мүддесі мен құқықтарын қорғау, қоғамда балаларға қатыгездік жасауға жол бермеу және мектеп оқушыларының өз пікірін еркін білдіруге, сенімділіктерін арттыру, зорлық-зомбылық туралы пікірлерін анықтау жоғары сынып оқушыларынан әлеуметтік педагогтың жетекшілігімен "Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын!" тақырыбы аясында сауалнама алу шарасы жүргізілді. Нәтижесінде оқушылар арасында және отбасыда аталған мәселелер жоқтығы анықталды.



Орындаған әлеуметтік педагог:

А.Мелдебек